

Жаңа жұлдыз селосы, Екішоқ селосы, Есқара селосы көшелеріне атау беру туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Қазақстан селолық округ әкімінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 02 шешімі. Павлодар облысы Железин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қаңтарда N 12-6-134 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2)-тармағына сәйкес, тұрғындардың пікірін ескере отырып **ШЕШІМ**
е т е м і н :

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңа жұлдыз селосы, Екішоқ селосы, Есқара селосы көшелеріне атау берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Железин ауданы Қазақстан
селолық округ әкімі
Келісілді
3. Оразақова

Железин ауданының сәулет
және қала құрылыс
және архитектура бөлімінің
бастығы
Ө. Оралов
12.12.2011

Железин ауданының мәдениет,
тілдерді дамыту, дене шынықтыру
және спорт бөлімінің бастығы
У. Ақанов
12.12.2011

Павлодар облысы Железин ауданы
Қазақстан селолық округ әкімінің
2011 жылғы 26 желтоқсандағы
N 02 шешіміне
қосымша

Екішоқ селосы

N 1 көшеге – Ардагерлер атауы;
N 2 көшеге – Ахметов атауы;
N 3 көшеге – Бірлік атауы.

Есқара селосы

N 1 көшеге – Баян Батыр атауы;
N 2 көшеге – Талапкер атауы.

Жаңа жұлдыз селосы

N 1 көшеге – Абай атауы;
N 2 көшеге – Береговая атауы;
N 3 көшеге – Гагарин атауы;
N 4 көшеге – Механизаторская атауы;
N 5 көшеге – Северная атауы;
N 6 көшеге – Степная атауы;
N 7 көшеге – Целинная атауы;
N 8 көшеге – Центральная атауы;
N 9 көшеге – Школьная атауы;
N 10 көшеге – Юбилейная атауы.